

9. Ильин И.П. Постструктурализм. Деконструктивизм. Постмодернизм. – Москва, 1996. – 251 с.
10. Кәкішев Т.Сын сапары. – Алматы: «Жазушы», 1971. – 274 б.
11. Постмодернисты о посткультуре. Интервью с современными писателями и критиками. – Москва: Интарда, 1998. – 242 с.
12. Ысқақов Д. Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы: 2012. – 580 б.
13. Исмақова А. Бүгінгі компаративистика: жаһандану – интертекст – мәдениеттер диалогы // Аударма теориясы мен тәжірибесі... (Респ. ғыл. теор. конфер. мат-ы) – Алматы: 2006. – 373 б.

ӘОЖ 1751

ТРАГЕДИЯДАҒЫ ТАРТЫС ТАБИҒАТЫ

Махмутова Гүлсая Ренуарбекқызы

Gylsaya-96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
мамандығының 2- курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Қ.М. Байтанасова

Драматургияның іргелі жанрының бірі трагедияның көркемдік ерекшелігін танытатын ең басты белгі – шарт-шұрт айқасқан, шиеленіскен қызу тартыс, көріністен көрініске көшкен сайын өсіп-өрбіп, күшейіп отыратын сюжет. Әдеби туындыдағы тартыстың мән-мазмұны мен тегі, көркемдік өрнектелуі, байланысуы, күшеюі және шешім табуы аса маңызды. Трагедиядағы тартыс пен образдардың маңызы, салмағы туралы талай орнықты пікірлер айтылған. Трагедияда тартыс пен мінездің байланысы шымыр болуы қажет. Мәнсіз-мақсатсыз әрекет пен қозғалыс, сюжет шашыраңқылығын трагедия жанры көтермейді. Бұл орайда тартыс қана оқиғаны шымыр түйіндей алады. Ұлттық драматургияның теориялық мәселелерін тереңдей зерттеген Р. Нұрғали трагедияның өмірге айрықша жақын екенін айтады да, оның себебі, бұл жанрда, «тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен әрі реалистік тереңдікпен бейнеленгенін».

Автор трагедиялық шығарманың мазмұнын кейіпкердің даралық сипаты, оның қоғамның кереғар тұстарына қарсы келіп, бітпес күреске түсуімен баяндайды. Бұл жанрдың кейіпкерлері, яғни қаһармандар өзі өмір сүрген уақыттың қатыгез адамдарымен, жалғандық үшін күресіп, азаттық жолында опат болатындар. Қаһармандардың жеңіске дейінгі жолы арпалыстан, күрестен, кедергілерден тұрады.

Аристотель «әрекетсіз трагедия болмайды, ал мінездерсіз болады» деген. Бұл ой қатысушы кейіпкерлердің болмауы туралы емес, кейіпкерлердің жеке басына тән ерекшеліктерін көрсетпеуді айтады. Жалпы мұндай пікір оның өзіне дейін айтылған ойларға, яғни трагедияның негізін мінездер құрайды деген көзқарасқа қарсылық ретінде туындағаннан айтылған болуы мүмкін. Трагедияның мәні, Аристотельге сүйенсек, пьесаның нақты көлемін де сипаттайды: әрекет жалғыз болуы керек, яғни басынан аяғына дейін, үздіксіз бір оқиға туралы айту керек және сонымен бірге адамның сана-сезімі бүкіл композицияны толық қамти алатынына бағытталуы тиіс. «Поэтика» ішіндегі ең жұмбақ идеяның бірі катарсис, қорқыныш пен жанашырлық арқылы көрермен жан-дүниесін тазарту идеясы болды. Аристотель трагедия туралы айтқанда – тазару, яғни катарсис мәселесіне көп көңіл бөледі. Аристотель трагедия туралы формуласында: «трагедия көрерменнің қайғыға ортақтасу мен қорқынышын оятады, соның нәтижесінде тазару туындайды» деген. Драматург Аристотельмен негіздей отырып,

былай дейді: «Трагедиялық шығарманы оқыған, яки сахнадан көрген адам орасан зор тебіреніске түсіп, сан алуан ойға қалып, кейіпкер қайғысын бөлісіп, бір алуан сезім толқынына бөленіп, қапалы ой құшағына енеді. Бұл идеялық-эстетикалық әсер ету ерекшелігін Аристотель - жан ашу, қорқыныш һәм қуаныш сәттерінің шарпысуынан туған ерекше күй деп атайды. Дәлірек айтқанда, көрерменді қаһарман қайғы-азабын бөлісу, оның ауыр тағдырынан шошыну және күнәдан құтылып, тазару сезімдері билеп, ол өзі сол халдерді бастан кешкендей, өзі өліп тірілгендей болып толқымақ» [2,12].

Автор «Трагедиялық тартыс және трагедиялық характер деген не?» деп сауал қойып алады да, трагедия табиғатын былайша жіктейді:

1. Трагедия қаһармандары сұм заманның қатыгез әдеттерімен шайқаста опат болады.
2. Трагедия асқақ рухты қайсар жанның алапат күресін суреттейді.
3. Трагедия қаһарманы сұрапыл, ол өз ішіне терең бойлайды, қайғылы, азапты хал кешеді, кедергі, қарсылықтармен қаймықпай күреседі.

Драматург Р.Нұрғали осылайша трагедияның үш сипатын атап алады да, осыны байыпты талдаудан өткізеді. Бұл трагедиялардың астарында әлеуметтік-тарихи, қоғамдық-саяси күштердің шайқасы ғана емес, қоғамдық мағына мен философиялық келіспеушіліктің де ұшқындары жатқанын меңзейді: «Жаңа заманның ғалымдары, зерттеушілері сөз астарынан авторлық позицияны тануға ұмтылғандары жөн».

Әлем әдебиетінде алғаш гректің Эсхил, Софокл сияқты дарынды трагиктері қалыптастырып, Шекспир мен Гете шырқау биікке шығарған трагедия жанрын қазақ драматургиясы бойынша трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, сюжеті мен композициялық жүйесін, эстетикалық-эмоциялық әсер бейнесін, тақырыптық нысанасын, көркемдік ерекшелігін ескере отырып, эпикалық, адамгершілік-тұрмыстық, тарихи трагедия деп бөліп, осы үш бағытта зерттеу жүргізеді.

Эпикалық трагедияға жыр-дастан үлгісінде фольклорда бұрыннан бар, сюжеттік желісі ықшамдалып қайта өңделген, сахнаға қоюға лайықталған М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек», Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш Баян сұлу» трагедияларын жатқызады. Ғалым ең бірінші М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясына тоқталады. «Жиырма жасар Мұхтар Әуезовтің қиялын қозғап, қолына қалам алдырған Еңлік пен Кебек жайлы халық аңызы болатын», - дей отырып дастанның сол уақытқа дейін жарық көрген төрт нұсқасын атап көрсетеді. Олардың алғашқысы 1892 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 31-39 сандарында жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген тақырыптағы әңгіме еді. Зерттеуші Р. Нұрғали М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» эпикалық трагедиясының халық аңызына құрылуын Гетенің «Фауст» трагедиясы сюжетінің халық әдебиетінен, ал Шекспир пьесаларының сюжеті басқа авторлар шығармаларынан алынуымен қатар қояды. Бұл жайтты зерттеуші жай ғана салыстырудан аулақ. Шекспир шығармаларын зерттеушілердің еңбегіне үңіліп: «Зерттеушілер трагедия («Отеллоны» айтып отыр. – Р.Ә.) сюжеті жазушы Джиральди Чинтионың новелласы сюжетін қайталайтынын көрсетіп отыр. Тіпті ұсақ деталь ұқсастықтары да бар екен. Бірақ байыпты үңілген адам екі шығарманың арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін көреді» [1,23], - деп, әрі қарай өзі қырағылықпен таныған өзгешелікті екшейді. Бұдан Р. Нұрғали зерттеуінің компаративистік бағыты да танылады.

Екінші нұсқа сол газеттің 1900 жылғы 46 санында «Қазақ тұрмысынан хикая» деген тақырыппен жарық көрген. Ғалым бұл әңгіменің алғашқы нұсқадан бірнеше өзгешелігі бар екенін айтады. Мысалы, жігіттің аты Кебек емес, Серғали, қыздың аты Еңлік емес, Қаңлық. Бұл тек екі кейіпкерге ғана қатысты емес, шығармадағы басқа да кейіпкерлердің аты өзгерген. Ол жайында зерттеуші Р. Нұрғали «Дала уәлаяты» газеті жаңа оқушылар тарту үшін сюжеті ұқсас болғанмен кейіпкерлерді жаңартып, әдейі осындай қадамға барған деген пікірін басшылыққа алады.

Үшінші нұсқа Мағауия Абайұлының «Еңлік-Кебек» дастаны. Бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорында сақталып, 1960 жылы «Дастандар» жинағында басылған, сюжеттік желісі мен композициялық құрылымы жағынан 1892 жылғы нұсқаға сәйкес келетін шығарма еді. Тек кейбір тұстарында, мысалы Кебек пен Еңліктің тұңғыш кездесетін жері ұзағырақ суреттелген. Бірақ ол оқиға желісіне қатты әсер бере алмайды.

Төртінші нұсқа «Еңлік-Кебек» деген атпен қазіргі қалың оқырманға жақсы таныс, 1912 жылы Семейде жеке кітап болып шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» поэмасы. Поэмада ақын оқиғаны 1780 жылдар шамасында болды деп атап көрсеткен. Ғалымның тағы бір ерекшелік ретінде назар аударғаны - шығармадағы жас батырдың портреті. Шығармадағы Кебектің аңға шығуынан Абай дәстүрінің сабақтастығы, образдардың көркемдігін пайымдаулардағы ерекшелік Р. Нұрғалидың назарынан тыс қалмаған. Кей тұстарда шығармадағы Еңлік бейнесін Пушкиннің Татьянасына ұқсатып, екеуін салыстыра зерделейді.

«Еңлік-Кебек» трагедиясы автордың «өткен өмірді аңсауынан» туған жоқ», - деп жазады ғалым. «Қаршадайынан құлағына сіңген, өзі жаттаған тамаша аңыз драмалық шығармаға жақсы материал болды. Жас Мұхтардың ең жақсы білетіні өзі өскен орта, төңкеріс алдындағы қазақ ауылының жай-күйі тұрмысы, тарихы, адамдар психологиясы болса, оның сол туралы толғанбай тұруы мүмкін емес еді» [1,15]. Бұл академиктің М. Әуезов тырнақалды туындысына неге осы тақырыпты таңдады деген сұраққа жауабы болатын. Пікір дәл айтылғанымен астарынан кеңестік саясаттың салқынын да аңғарамыз.

Драматург Р. Нұрғали шығарманың қайнар көзін анықтап алған соң, 1922 жылы Орынборда жарық көрген алғашқы нұсқасынан бастап 1943 жылы және 1956 жылы екі мәрте қайта өңделген нұсқаларындағы өзгешеліктерге тоқталады. Қойылымдарда ойнаған атақты әртістер, жазылған әртүрлі пікірлер, көріністегі қат-қабат өмір тартыстарына енгізілген өзгерістердің барлығы ғалымның назарынан тыс қалмайды. Әртүрлі нұсқаларды салыстыру барысында ғалым аңыздан басталған бұл шығарма жылдан-жылға жаңғыртылып, байытылып, қарапайым кейіпкерден кесек тұлғалар жасалып классикалық пьеса дәрежесіне жеткенін аңғартады.

Академик Р. Нұрғали эпикалық трагедияның тағы бір нұсқасы ретінде тереңдете талдағаны Ж. Шаниннің «Арқалық батыр» трагедиясы. Тұңғыш қазақ театрының негізін қалаған осы бір тума таланттың тағдыры туралы «Ай қанатты арғымақ» атты роман жазған ғалымның бұл тақырыпты таңдауының өзі тегін еместігін осы шығарма туралы жылы пікірлерінен аңғарамыз.

Драматанушы Р. Нұрғали Ж. Шаниннің өзі көзі тірісінде айтқан пікіріне сілтеме жасай отырып трагедияның материалын Ержан ақынның аузынан жазып алған халық жырынан алғанын айтады. Пьесаның алғаш рет 1924 жылы 3 қаңтар күні Семей қаласында өнерпаз жастардың күшімен қойылғандығын ескере отырып, шығарма 1922-1923 жылдары жазылған деген тұжырымға келеді.

«Арқалық батыр» жырының Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорына тапсырылған бірнеше нұсқасына тоқтала отырып, 1961 жылы шыққан «Батырлар жырының» екінші томына 1958 жылы Ержан Ахметовтен Бекмұрат Уахатовтың жазып алуымен кіргізілген нұсқасына ерекше мән береді. Себебі ол Ж. Шанинмен пікірлес болған Ержан ақын еді. Трагедияның Қытай жерінде өтетін оқиғасының желісін ғалым қолжазба қорындағы барлық нұсқалармен салыстыра отырып зерттейді. Бұл шығарманы талдау барысында ғалым негізгі көркемдік компоненттерге көңіл қою керектігін көрсетеді. Себебі, бұл туындыдағы диалогтың жасалуы, авторлық ремаркалардың түрлері, көріністер, перделер арасындағы байланыс, тіл бояулары ұлттық әдебиетіміздегі ең күрделі пьесалардың озық үлгісін жасап тұр. Драматургтің шығарма негізін эпостан ала отырып дәстүрлі арнадан ауытқымағанын, оқиғаның табиғи нанымдылықпен жазылғанын да атап өтеді.

Ғалым сюжеті оқырманға кеңінен таныс «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының негізінде жазылған Ғ. Мүсіреповтің осы аттас трагедиясын да эпикалық трагедияның жауһар үлгісі ретінде жоғары бағалайды. Шығарманың сахнаға ықшамдалған формасы туралы: «Жыр мен трагедияны салыстыра қарағанда, драматургтің сюжет түзеуде, тартыс өрбітуде, характер сомдауда эсаған сан алуан жаңалықтары анықталады. Бесік құдалық негізінде күні бұрын шешілген махаббат желісі жырдың басты өзегін құраса, трагедиялық күрес ескілік пен жаңалықтың ортасында өтеді. Пьесада рулық тартыс емес, әлеуметтік-таптық қақтығыстың көрсетілуінде үлкен мән жатыр» [1,99],- деген пікірден трагедияға берілген әділ бағаны көреміз. Жалпы трагедия композициясы авторлық көркемдік мақсатқа бағындырылған. Олай дейтініміз, оқиға сұрыптаудан өткен, кейіпкерлерді таңдау, топтау жүйесі байқалады.

Ең негізгі ерекшелік-трагедия қаһармандары жырға қарағанда, өзгеше сомдалып, характеру беру тұрғысынан ерекшеленіп берілген. Нақтырақ айтар болсақ, жағымды кейіпкерлер бойында жаңа дәуір адамдарына тән романтикалық серпін, асқақтық, алдағы жарқын болашаққа деген сенім бар. Міне, осыған жету үшін трагедия қаһармандары жанкешті өмір сүреді.

Р. Нұрғали адамгершілік тұрмыстық трагедияның концепциясы ретінде шығармада азғана адамның, бір отбасының қым қиғаш тіршілігін суреттеуді алға тартады. Оның озық үлгісі ретінде әлемдік әдебиеттегі Софоклдың «Эдип патшасы», Шекспирдің «Король Лирі», Тренев Константиннің «Любовь Яровая» сияқты шығармаларды атайды. Бұл тұрғыда қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің төңкеріс алдындағы қазақ ауылының тұрмысын суреттейтін «Бәйбіше-Тоқал» трагедиясы мен «Қарагөз» трагедиясына ерекше тоқталады. Екі шығармадағы қазақы өмірдің кейбір қайшылықтары, ескі салт-дәстүр мәселелерінің шынайы көрінісі зерттеушінің тіліне тиек болған. Бұл топқа тақырыптық жағынан Қ. Кемеңгеровтің «Алтын сақина», Ж. Аймауытовтың «Шернияз» туындыларын жатқызуға болатынын айтады.

Тарихи трагедияның төл басы ретінде М. Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы аталады. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының өр тұлғасы сомдалатын туындыдағы мінездер қақтығысы мен тағдырлар шарпысуын академик Р. Нұрғали Шекспирлік биік деңгейде деп бағалайды. Шығармадағы барлық кейіпкерлердің мінез-құлқының байламы, идеясының түп қазығы Кенесары бейнесіне байлаулы екені айтылады. Шығарманың жиырмасыншы жылдардың соңында жазылып 1934 жылы қиындықпен қойылуы, артынан кеңестік идеологияның қысымымен тыйым салынуы, 1961 жылы қайта басылуының барлығы трагедия оқиғасын талдау барысында қамтылған.

Ғалым Р. Нұрғали тарихи трагедия бұдан бірнеше жыл бұрын өтіп кеткен ескі мен жаңаның арасындағы тартысты суреттейтіндігіне, нәтижесінде келешек өмір үшін шайқасқан ерлер қаза тапса да, олардың көздеген мақсаты, қиял-армандары түптің түбінде орындалатындығына тоқтала келіп, тарихи трагедияға тән бірнеше ерекшеліктерді атап өтеді:

1. Шығармаға арқау болатын тақырыптың тарихилылығы, яғни шығарманың тарихи деректер негізінде жазылуы.

2. Тарихи трагедияның кейіпкерлері тарихта белгілі, халық жүрегінен ерекше орын алатын қаһарман болса, ал шығармаға өзек болған оқиға бүкілхалықтық мағынаға ие болуы керек.

3. Бас қаһарман жеке басының бақыты үшін емес, халық бақыты үшін күреседі.

Міне, осы негізгі қағидаларға жауап берген қазақ драматургиясындағы алғашқы тарихи трагедия- М. Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы деген тоқтамға келеді.

Тарихи трагедия ретінде талданған тағы бір шығарма І. Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет» трагедиясы. Ғалым Илиястің осы тақырыпты жазуы үшін батыс өңіріне саппар шеккенін, сол уақыттағы жазушыларымыз әлі тарихи-төңкерістік тақырыпқа бойлай алмай жатқан тұста батыл қадам жасауын ерлікке пара-пар іске балайды. Бұл шығарма да азаттық жолында

күрескен екі тұлғаның күрделі тағдырлары мен шынайы тарихи болмысын ашуға талпыныс жасаған туындылардың санатына жатады.

Осы ретте қазақтың ұлы ағартушыларының ғұмырынан көрініс беретін классикалық шығармалар ретінде М. Әуезовтің «Абай» трагедиясы мен С. Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» трагедиясы да талдау объектісіне айналады.

Қорыта айтқанда, трагедия табиғатын танып білуде Р. Нұрғалидың орасан еңбегі зор. Тарих қойнауынан сыр шертіп, цензураның қыспағына ілінген жоғарыдағы шығармалар ғалымның тынбай зерттеу нәтижесінде классикалық туындылар биігіне көтерілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рымғали Нұрғали. Драма өнері. - Алматы: Санат, 2001. - 480 б.
2. Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.

ӘОЖ 1751

АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ІРІ ӨКІЛДЕРІ

Муканова Улжан Азаматовна

zhkadyrov_777@mail.ru

М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ Филология мамандығының 1 курс магистранты,
Петропавл, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Т. Қадыров

Мұқамедхан қазақ әдебиеттану ғылымының текстология саласының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Оның Махамбет, Шәкәрім поэзиялары текстологиясына арналған мақалалары, Бұқар жырау, Абай шығармаларының текстологиясын қарастырған мақалалары мен монографиясы жарық көрді. Мұқамедхан шығармаларының тағы бір қыры оның поэзиясы. Драматургия саласында да қарымды еңбек етіп, көптеген пьесалар жазды. Мұқамедханның «Толқын» (1994), «Майданнан майданға» (1947), «Комиссар Ғаббасов» (1960), «Ер Білісай» (1974) пьесалары көркемдік және тарихи шындықты тұтастай алып, оқиға желісінің өткір құрылуымен ерекшеленеді [1].

Қайымның әдебиет тарихына қосқан үлесі де салмақты. Соның ішіндегі жыраулар әдебиеті жөніндегі өмірбаяндық зерттеулер мен текстологиялық салыстырулары бұл саладағы көптеген көмескі жайлардың бетін ашып, тың деректер мен соны пікірлер түйіндеуге негіз қалады.

Поэмаларының ерекшеліктері Қайым Мұқамедханұлының әдеби мұралары жинақталып, бас-аяғы бүтінделіп, бір арнаға түсірілген жоқ. Баспасөз беттерінде жарық көрген, жанұялық қорында сақталған шығармаларын топтап айналымға енгізу – әдебиеттану ғылымындағы кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Қазірде Қайым Мұқамедханұлының кең көлемді екі шығармасы белгілі: Бірі – «Жамбыл» атты толғауы, екіншісі – «Орындалған өсиет» атты поэмасы. «Жамбыл» атты толғауы 1938 жылы жарық көрді. Абайға арналған «Орындалған өсиет» атты поэмасы баспа жүзінде жарық көрмеген, Абайдың республикалық мәдени-тарихи, әдеби-мемориалды қорық мұражайының қорында сақтаулы.

Қ. Мұқамедхановтың өлеңдеріндегі ерекшелік, нені жырласа да қарапайым сөздермен өз ойын бейнелі, әсерлі, мәнерлі жеткізуінде.

Өркімнің пешенесіне жазылған мөлшерлі ғұмыры бар. Пенделік пайымдау бойынша бұл – әліптік ақиқат. Осы негізден шығарсақ, Қайым Мұхаметханұлының ғұмыры сексен сегіз жылды қамтыды.

Осы орайда Абай сөзіне ден қойсақ: